

**«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ
УНИВЕРСИТЕТІ» КсАҚ**

**«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗАМАНАУИ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕР»
ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСЫНЫҢ
ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

СЕМЕЙ 2024

МАЗМҰНЫ

- 1) Жалпы ережелер;
- 2) Глоссарий;
- 3) Бағдарламаның тақырыптық мазмұны;
- 4) Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері;
- 5) Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны;
- 6) Оқыту үрдісін ұйымдастыру;
- 7) Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі;
- 8) Оқу нәтижелерін бағалау;
- 9) Курстан кейінгі сүйемелдеу;
- 10) Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.

1) Жалпы ережелер

Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 38-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын (бұдан әрі – Курстар) ұйымдастыру және жүргізу тәртібін анықтайды.

Курстың білім беру деңгейі: мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту;

Курсты ұйымдастыру тәртібі еңбек қызметінен қол үзбей жүзеге асырылады.

Курстарды өткізу кезеңінде ұйымдармен жекелеген дәрістерді оқу мен практикалық сабақтарды жүргізу қолданылады.

Курстардың ұзақтығы: 36 академиялық сағат;

Курстан өткен тыңдаушыларға біліктілікті арттыру курсының тақырыбына сәйкес сертификат беріледі.

Өз қаражаты есебінен дәлелді себептерге байланысты аяқталмай қалған курсты растау құжаттарын ұсына отырып, аяқтап шығуға мүмкіндік беріледі.

Сертификатталған педагогика кадрларын курстан кейінгі қолдау - әдістемелік ресурстары мен инструментарийлерін, курстан кейінгі мониторингті жүргізу тетіктері мен диагностикалық инструментарийлерін жүзеге асырады.

2) Глоссарий

Біліктілік - тиісті кәсіби қызмет түрі шеңберінде жұмыстарды орындау үшін қажетті кәсіби білім, іскерлік, дағды және жұмыс тәжірибесінің жиынтығы;

Курстан кейінгі мониторинг - педагогикалық практиканың нақты жай-күйін курс бағдарламасының күтілетін нәтижелерімен салыстыру мақсатында сертификатталған педагогтердің курстан кейінгі қызметін, оның ішінде қашықтық режимінде бақылау және бағалау жүйесі;

Қорытынды бағалау - қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курстары бағдарламасының талаптарына сәйкес педагогтің біліктілік деңгейі мен құзыреттілігін растау рәсімі;

Педагогтердің біліктілігін арттыру - оқыту мен оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіби білімдерін, біліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны;

Педагог қызметін курстан кейін қолдау - педагогтің кәсіптік құзыреттілігін оның курстан кейінгі қызметін үздіксіз мониторингтеу және әдістемелік, консультациялық көмек көрсету арқылы дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі;

Сарапшы - ұзақ мерзімді біліктілікті арттыру курстары бағдарламасының талаптарына педагогтің біліктілік деңгейін және құзыреттілігін растау рәсімін жүзеге асыратын сертификатталған маман;

Сертификат - кәсіптік оқытудың нақты тақырыбы, нысаны, мазмұны мен ұзақтығы бойынша қысқа және ұзақ мерзімді біліктілікті арттыру курстарының қорытындылары бойынша берілетін құжат

Сырттай қорытынды бағалау - ұзақ мерзімді біліктілікті арттыру курстары бағдарламасының талаптарына сәйкес педагогтің біліктілік деңгейін және құзыреттілігін растау рәсімі;

Тыңдаушы - біліктілікті арттыру курсынан өтуші адам.

Интеграция - бұл біртұтас процестің жекелей бөлімдері мен оның өзара қосылуының нәтижесі

Біріктірілген - әр түрлі іс-әрекеттердің немесе бір-бірімен логикалық байланысы жоқ бірнеше дидактикалық міндеттердің үйлесімі (сурет салғаннан кейін қимылды ойын).

Кешенді - арасындағы ассоциативті байланыстар кезінде әр түрлі қызмет түрлерімен міндеттерді жүзеге асыру (өрт қауіпсіздігі ережелері туралы әңгіме тақырып бойынша постер салуға ауысады). Сонымен қатар, қызметтің бір түрі басым, ал екіншісі оны толықтырады, эмоционалды көңіл-күй қалыптастырады.

3) Бағдарламаның тақырыптық мазмұны

1. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері.
2. Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету.
3. Педагогикалық процесті ұйымдастырудағы педагогтің жүргізуі үшін міндетті құжаттар.
4. Мектеп жасына дейінгі балалардың дағдыларын қалыптастыру және дамытуда жобалы-іс шығармашылық технологиясын қолдану арқылы ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіруді іске асырудың маңызы.
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасындағы физикалық қасиеттерді денсаулық сақтау технологиясының қолдана отырып дамыту.
6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасындағы коммуникативтік дағдыларды дамыту жұмыстарын іске асыруда ТРИЗ технологиясын қолдану жолдары.
7. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту жұмыстарын іске асыруда ақпараттық қатынастық технологияны қолдану жолдары.
8. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру жұмыстарын іске асыруда әуенді кесте технологиясын қолдану жолдары.

9. Балалардың дербес әрекеті барысында ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, өзіне-өзі қызмет ету әрекеттерін кіріктіру арқылы жүзеге асыруда Монтессори технологиясын қолдану жолдары.
10. Серуен барысында қоршаған ортамен таныстыру, танымдық және зерттеу іс-әрекеттерін кіріктіруді ойын технологиясын қолдану арқылы жүргізу.
11. Білім беру процессін кіріктіріп оқытуды ұйымдастыру және жүргізудегі заттық дамытушы ортаны құруда заманауи технологиялардың қолданудың рөлі

4) Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Мақсаты: Мектепке дейінгі білім беру ұйым педагогтарының балалардың әр түрлі іс-әрекеттерін олардың қоршаған әлем, эстетикалық мәдениет туралы идеяларын қалыптастырудың және шығармашылық қабілеттерін (музыкалық, сахналық, әдеби, бейнелеу іс-әрекеттері) заманауи педагогикалық технологияларды қолдана отырып дамытудың тұтас педагогикалық процесіне біріктіру дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Тәрбиеші-педагогтардың мектеп жасына дейінгі балалардың қоршаған әлемді эстетикалық тұрғыда қабылдауды қалыптастыруда технологияларды қолдану арқылы үйрету.
2. Заманауи педагогикалық технологияларды қолдану мәселесі бойынша педагогтар арасында тәжірибе алмасы жүйесін ұйымдастыру.
3. Педагог пен балалардың бірлескен іс-әрекетінде заманауи педагогикалық технологиясын қолдану арқылы олардың өзара әрекет ету үлгісін өзгерту.
4. Қоршаған ортаға деген эмоционалды және саналы көзқарасты, бағдарламада берілген әртүрлі эмоционалды күйлерді есту, көру, сезіну және түйсіну қабілетін тәрбиелеу.
5. Мектепке дейінгі ұйымдарда әртүрлі заманауи педагогикалық технологияларды қолдану арқылы педагогтардың кәсіби құзіреттілігін арттыру.

5) Бағдарлама құрылымы мен мазмұны

Оқу-тақырыптық жоспар

№	Тақырып	Сағат саны	Д	С	П	Қысқаша мазмұны
1.	Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері	3	1			Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы білім беру процесінде интеграцияланған тәсілді қолдану тиімділігі.
2.	Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету	3	2		1	Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілі қоғамдық бағдарламалары
3.	Педагогикалық процесті ұйымдастырудағы педагогтің жүргізуі үшін міндетті құжаттар	3	2		1	Педагогтің жүргізуі үшін міндетті құжаттар. перспективалық жоспар циклограмма баланың жеке даму картасы
4.	Мектеп жасына дейінгі балалардың	3	2		1	Балалар қоршаған әлемді бірліктен таниды және көбінесе осы бірліктің жекелеген құбылыстарын зерттеуге құштар болады. Баланы тәрбиешімен бірге ізденуге,

	дағдыларын қалыптастыру және дамытуда жобалы-іс шығармашылық технологиясын қолдану арқылы ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіруді іске асырудың маңызы					проблемелік іс-әрекетті жасай білуге үйрету, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасының бөлімдері оны фрагменттерге бөліп, бүкіл құбылысты ралы түсінік бермейді. Зерттеушілер педагогикалық процестегі интеграция деп шашыраңқы бөліктерді тұтастай біріктіруге байланысты даму процесінің бір бөлігі деп түсінедіреді.
5.	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасындағы физикалық қасиеттерді денсаулық сақтау технологиясын қолданып отырып дамыту.	3	2		1	1) денешынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген денешынықтыру); 2) жүзу (жүзубассейні болған кезде); Денешынықтыру іс-әрекеттерін басқа іс-әрекеттермен интеграциялау жолдары
6.	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасындағы коммуникативтік дағдыларды дамыту жұмыстарын іске асыруда ТРИЗ технологиясы	3	2		1	сөйлеуді дамыту; көркем әдебиет; сауат ашу негіздері; қазақ тілі (оқыту басқатілде жүргізілетін топтарда) Аталған іс-әрекеттерді басқа іс-әрекеттермен интеграциялау жолдары

	қолдану жолдары					
7.	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту жұмыстарын іске асыруда ақпараттық қатынастық технологияны қолдану жолдары	3	2		1	сенсорика; математика негіздері; құрастыру; қоршаған орта ментаныстыру; Аталған іс-әрекеттерді басқа іс-әрекеттермен интеграциялау жолдары
8.	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру жұмыстарын іске асыруда әуенді кесте технологиясын қолдану жолдары	3	2		1	сурет салу; мүсіндеу; жапсыру; музыка. Аталған іс-әрекеттерді басқа іс-әрекеттермен интеграциялау жолдары
9.	Балалардың дербес әрекеті барысында ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, өзіне-өзі қызмет ету әрекеттерін кіріктіру арқылы жүзеге асыруда Монтессори технологиясын қолдану	3	2		1	Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың қимыл белсенділігіне уақыт бөлінеді. Оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

	жолдары					
10.	Серуен барысында қоршаған ортамен таныстыру, танымдық және зерттеу іс-әрекеттерін кіріктіруді ойын технологиясы н қолдану арқылы жүргізу.	3	2		1	Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен таныстыру, танымдық және зерттеу іс-әрекеті), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектер ұйымдастырған спорттық, қимылды және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек әрекеті.
11.	Білім беру процессін кіріктіріп оқытуды ұйымдастыру және жүргізудегі заттық дамытушы ортаны құруда заманауи технологиялардың қолданудың рөлі	3	2		1	Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар: ■ қауіпсіз ■ қолжетімді ■ әртүрлі ■ мазмұнды ■ көпатқарымды ■ өзгермелі ■ тартымды
12.	Қорытынды.	3	1		1	- Қандай ой түйдім? - Педагогикалық портфельге не салуға болады? - Алдағы уақытта білгім келеді?
	БАРЛЫҒЫ:	36				

Д – дәріс, С – семинар, П – практикалық сабақ.

Ескерту: 1 академиялық сағат-45 минут.

6) Оқыту үрдісін ұйымдастыру

Кәсіби дамыту курстары келесі режимде ұйымдастырылады:

1. дәстүрлі оқыту;
2. қашықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып оқыту.

Педагогтардың біліктілігін арттырудың «Мектепке дейінгі білім берудегі заманауи технологиялар мен әдістер» курсының мазмұны бойынша дәріс тыңдаушы теориялық, әдістемелік және қолданбалы дағдылар мен іскерліктерді меңгереді. Жас ерекшелі топтарда білім беру процесін кіріктіріп ұйымдастыруды мақсат-міндеттері, қағидасына сай практикада жүзеге асыруға дағдыланады.

7) Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

- Презентация материалдары;
- Интегративті білім беру жайында тақырыптық мәнмәтіндер;
- Нормативтік-құқықтық база;
- Кіріктірілген оқытуды ұйымдастырудағы әдістемелік материалдар;
- Оқу-әдістемелік құралдар;
- Интеграцияланған мазмұндық ойын жинақтары;
- Интербелсенді әдістер мен тәсілдер.

8) Оқу нәтижелерін бағалау

Курсты оқып бітіргеннен кейін тыңдаушылар курс бойынша бір тақырыпқа презентацияны қорғайды.

Бағдарлама бойынша алынған білімнің тереңдігін анықтау үшін презентацияны бағалаудың критерийлері анықталған:

1. Курстың бір тақырыбы бойынша материалдың презентацияда көрініс табуы.
2. Таңдалған тақырып бойынша презентацияның анық логикалық құрылымы.
3. Интернеттен алынған материалдардың дұрыс пайдаланылмауының болмауы.
4. Компьютерлік сауаттылық.

9) Курстан кейінгі сүйемелдеу

№	Педагог қызметі	Оқытушының қызметі	Аяқтау формасы
---	-----------------	--------------------	----------------

1.	Мухметова Р.Ж.	Аға оқытушы	Әдістемелік, консультациялық көмек көрсету арқылы дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар
2.	Мухаметжанова А.Д.	Аға оқытушы	Әдістемелік, консультациялық көмек көрсету арқылы дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар

10) Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары»
2. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары»
3. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары»
4. «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері әдістемелік нұсқау хат»
5. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі»

Қосымша әдебиеттер

1. Бәтібаева С.Ғ., Жұмабекова Ф.Н. / Мектепке дейінгі педагогика тарихы: Оқулық. – Алматы: «АҚНҰР баспасы». -2017.-312 бет.
2. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі кезеңде білім беру мазмұнын жаңартудың әдіснамалық негіздері. Монаграфия-Астана, 2010 жыл. 250 бет
3. Жұмабекова, Ф. Н. Мектепке дейінгі педагогика: оқу құралы / Жұмабекова Ф.Н. - Астана : Фолиант, 2008. - 335 б.
4. Жиенбаева, С. Н. Мектепке дейінгі педагогика: Оқу құралы / С. Н. Жиенбаева. - 2-е изд., перераб. и доп. - Алматы : Альманахъ, 2018. - 269 с.
5. Аралбаева Р. К. Мектепке дейінгі педагогика: оқулық / Р.К. Аралбаева. – Алматы: Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2012 ж. - 220 бет.
6. Козлова С. А. Мектепке дейінгі педагогика: орта кәсіптік білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған оқу құралы / С.А.Козлова, Т.А. Куликова. — 15-басылым, өңделген және толықтырылған. — М. : «Академия» баспа орталығы, 2015. — 432 б
7. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 бет

8. Дене шынықтыру және спорт педагогикасы: оқу құралы / Н.С. Бекнурманов.- Алматы: Эверо, 2014.
9. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары. Астана, 2018 – 116 бет
- 10.Әбдіғалиев Қ. Осы заманғы педагогикалық технологиялар. – Алматы, 2004.
- 11.Аймағамбетова, Қ.А. Қоршаған ортамен (табиғат құбылыстарымен) таныстыру арқылы балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету (5-7 жас)/ Қ.А. Аймағамбетова, Г. Метербаева.- Алматы, 2000.- 62 б
- 12.Белая К.Ю. Инновационная деятельность в ДОУ: методические пособие. М., 2009
- 13.Дуброва В.П., Милошевич С.П. Организация методической работы в дошкольном учреждении. М., 2010
- 14.Кананович А.П., Соловьянчик А.А. Изучение, обобщение и распространение педагогического опыта. Методические рекомендации. М., 2009
- 15.Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. – Алматы, 2007
- 16.Шардарбеков Д. Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары. 2006ж.